

«Мұқтаждықтар мен қажеттіліктерді бағалау» тренингінің модулі

Өткізу уақыты: 25 шілде 2019 ж., Шымкент қ.

Қатысушылар: Түкістан облысының аудандық ақпараттық ресурс орталықтары және ауылдық ҰЕҰ өкілдері.

09:30-10:00	Қатысушыларды тіркеу <i>Тренинг қатысушылары ұсынылған қатысушылар тізіміне өздерінің толық аты-жөндерін, байланыс ақпаратын, ұйым атауын жазып, қолтаңбаларын қояды</i>
10:00-10:20	Қатысушылармен танысу және олардың тренингке артқан үміттері Пре-Тест <i>Қатысушылар тренерлер тарапынан ұсынылған сауалнаманы толтырады.</i> Қатысушылармен танысу және олардың тренингке артқан үміттері <i>Қатысушылар жұп-жұпқа бөлініп, белгіленген уақыт аралығында өз жұбы жайлы толық ақпарат алып, өзге қатысушыларға таныстырады. Танысып болғаннан кейін, әрбір қатысушыға тренингтен күткен үмітін жазу үшін жапсырма (стикер) беріледі. Қатысушылардың үміттері жазылған жапсырмалар флипчарт бетінде бейнеленген ағашқа жапсырылады. Бұл тренингтің соңында қатысушылардың күткен үміттерінің қаншалықты ақталғандығын анықтау үшін қатысушылармен талқылау жүргізуге көмектеседі.</i>
10:20-10:40	Азаматтардың қатысуын анықтау. Рөлдік ойын «Шатасу» <i>Қатысушылар ішінен 1 адам ерікті түрде бөлек бөлмеге шақырылады. Қалған қатысушылар шеңбер жасап, бір-бірімен қол ұстасып, шатасады және оларға басқа бөлмеге кеткен қатысушыға қалай шатасқандарын айтпау ұсынылады. Ал ол адам келіп, ешкімнің көмегінсіз осы шатасып тұрғын адамдарды шешіп, бүтін шеңбер жасауы тиіс. Әдетте бірадам бұл шатасуды шеше алмайды. Сондықтан, бірнеше талпыныстан кейін, өзге қатысушылардың көмегімен, шатасып тұрғын шебер шешіледі. Мұндағы мақсат, қатысушыларға жергілікті жерде де дәл осылай сол жерде тұратын тұрғындардың көмегінсіз, сол аймақтағы өзекті мәселені және оның шешу жолдарын сырттан келген ұйымдар жетік білмейтіндігі айтылады.</i> <i>Қатысушыларға тұрғындардың қажеттіліктері мен мұқтаждықтарын анықтау үшін жергілікті азаматтардың қатысуы қаншалықты маңызды екендігі талқыланады.</i>
10:40-11:10	PLA/Қауымдастықтың мұқтаждықтарын анықтау әдістемелері/құралдары: Қатысушыларға: - мәселелерді анықтау (миға шабуыл) - мәселенің өзектілігін анықтау - қауымдастықтың мүддесін ұсынушы тобы және оның рөлі түсіндіріледі. <i>Қатысушыларға миға шабуыл әдісі арқылы ҰЕҰ арасындағы мәселелер айтылады. Тренер қатысушылар айтқан мәселелер тізімін флипчартқа жазады. Ары қарай мәселелер тізімі талқыланады және тренер ішіндегі</i>

	<p>ең өзектісі қайсы екенін қатысушылардан сұрайды. Ары қарай әр қатысушыға үш жапсырма беріледі. Қатысушылар флипчартта көрсетілген мәселелерден ең өзекті деп тапқан үш мәселелге жапсырманы жапсыру ұсынылады. Осылайша қатысушылар ең өзекті мәселені өздері анықтайды. Алдағы уақытта өздерінің жұмысында осы әдісті қалай пайдалану керек екендігі талқыланады.</p> <p>Қатысушыларға презентация слайдтарын пайдалану арқылы қауымдастықтың мүддесін ұсынушы топ дегеніміз не екендігі және оған кімдер кіретіндігі, олардың атқарылатын рөлі айтылып, қатысушылармен талқыланады.</p>
11:10-11:30	Кофе брейк
11:30-13:00	<p>PLA/Қауымдастықтың мұқтаждықтарын анықтау әдістемелері/құралдары:</p> <p>Қатысушыларға:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Венна диаграммасы/институционалдық диаграмма (топпен жұмыс) - мәселе ағашы (топпен жұмыс) - маусымдық күнтізбе - қауымдастық/ресурс картасы әдістері түсіндіріледі. <p>Венна диаграммасы/институционалдық диаграмма (топпен жұмыс) Қатысушылар өздерінің жұмыс жасау бағыты бойынша 4 топқа (жастар, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қолдау көрсету, экология және гендер) бөлінеді. Тренерлер әр топқа алдын ала әр түрлі көлемде шеңберлер дайындайды. Әр топқа теңдей бөлінген шеңберлерді және флипчарт қағазын беріп, өзінің Венна диаграммасын/институционалдық диаграммасын жасауға тапсырма береді. Топтық жұмыс барысында тренерлер қатысушыларға кеңестер беріп, сұрақтарына жауап береді. Барлық топ тапсырмаларын орындағаннан кейін, өзге топтарға презентациялайды және талқылайды.</p> <p>Мәселе ағашы (топпен жұмыс) Ары қарай, сол бөлінген топта ары қарай өздерінің мәселелері бойынша мәселе ағашын дайындап, әр топ өзінің мәселе ағашын презентациялайды және өзге топпен талқылайды. Тренер қорытындылайды.</p> <p>Маусымдық күнтізбе Тренермен презентация слайдтары арқылы маусымдық күнтізбе әдісі және оны орындау жолдары түсіндіріледі.</p> <p>Қауымдастық картасы (топпен жұмыс) Қатысушылар жоғарыда бөлінген топ бойынша қайта орындарына жайғасып, әр топ өзінің қауымдастық картасын жасайды. 2. әр топ өзінің қауымдастық картасы арқылы ресурстарды анықтайды. Тапсырманы орындап болғаннан кейін, қатысушылар өздерінің картасын презентациялайды және қай жерден қандай ресурс алуға болатындығын көрсетеді.</p>
13:00-14:00	Түскі ас
14:00-14:10	<p>Энерджайзер</p> <p>Энерджайзер «Шығыс базары».</p> <p>Бұл ойын қатысушылардың бойын сергіту және өзіне қажет ресурсты қалай алуды үйрету мақсатында жүргізіледі. Ол үшін әрбір қатысушы үш қағазға өзінің атын жазып, бүктейді және тренерге береді. Тренерлер</p>

	<p>барлық қатысушының атын бір қалташаға салып араластырады және қайтып қатысушыларға үш қағаздан алдырады. Әрбір қатысушы үш қағаздан алғанымен, өзінің аттары қайтып өзіне келмейді. Белгіленген уақыт аралығында кез-келген тәсілді пайдаланып, әр қатысушы өзінің аты жазылған үш қағазды өзіне алуы тиіс. Тапсырманы орындап болғаннан кейін, тренерлер қатысушылармен не оңай, не қиын болды және қандай амал-тәсілді пайдаланғандығы жайлы сұрап, талқылау жасайды. Мұндағы мақсат қатысушыларға бір-бірлерінің аттары есте сақтау және өзіне қажет ресурсты анықтау және алу жолдарын қарастыру</p>
14:10-16:20	<p>PLA/Қауымдастықтың мұқтаждықтарын анықтауды жоспарлау: - мақсаты және міндеттері - әдістерін анықтау - Рөлдерді бөлу - PLA есебі формасын түсіндіру</p> <p>Қатысушылармен қауымдастықтың мұқтаждықтарын анықтау не үшін қажет екендігі, оның мақсаты және міндеттері талқыланады. Ары қарай, осы процесске қандай әдістерді қалай пайдалану керек екендігі қарастырылады.</p> <p>Қатысушылармен қауымдастықтың мұқтаждықтарын анықтау процессіне қатысатын адамдар арасында рөлдерді қалай бөлу керектігі және қиындықтар туындаған жағдайда, одан шығу жолдары қарастырылады.</p>
16:20-16:35	Кофе брейк
16:35-16:45	Энерджайзер
16:45-17:45	<p>PLA/Қауымдастықтың мұқтаждықтарын анықтауды жоспарлау: - PLA есебін дайындау Топпен жұмыс</p> <p>Қатысушыларға PLA есебінің үлгісі түсіндіріледі. Қатысушылар бастапқы бөлінген топтарында үлгіге сәйкес PLA есебін толтырады. Барлық топ тапсырманы орындап болғаннан кейін, топта презентациялайды. Қатысушылар тренермен бірге топта талқылап, тренер қорытындылайды.</p>
17:45-18:00	<p>Сұрақтар – жауаптар Пост-Тест. Тренингті қорытындылау</p> <p>Қатысушылар тренерлер ұсынған пост-сауалнаманы толтырады. Тренинг барысында алған білімдері бойынша тренер қатысушыларға сұрақ қойып, талдау жасайды. Тренингті қорытындылайды.</p>